

Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының аппараты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 ақпандағы N 98

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 3811 U973811_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының аппараты (бұдан әрі - Комиссияның аппараты):

заңдарда белгіленген тәртіппен Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыруға қатысты объектілер бойынша сәулет-қала құрылысын бақылау республикалық мемлекеттік кәсіпорнын ("Ақмолақұрылысбақылау" МК) әкімінің шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын етіп қайта тіркеу арқылы Ақмола қаласы әкімінің коммуналдық меншігіне берсін;

"Астананы Ақмола қаласына көшірудің алғашқы кезеңінде орналастыруға жататын жоғары және орталық мемлекеттік органдардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1887 қаулысына P951887_ сәйкес Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіп келген Комиссия аппаратының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етсін;

белгіленген тәртіппен Комиссия аппаратының балансындағы ғимарат пен мүлікті Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының балансына берсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көзделген шаралар аяқталған соң Комиссияның аппараты таратылсын, ол үшін қосымшаға сәйкес құрамда тарату комиссиясы құрылсын.

Тарату комиссиясы заңдарда белгіленген тәртіппен Комиссияның аппаратын таратуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі таратылған Комиссия аппаратының қызметкерлерін еңбекке орналастыруға жәрдем көрсетсін.

4. "Ақмола қаласын дамытудың бас жоспарын және оның ықпал ету аймақтары бойынша қала реттеу құжаттарын әзірлеу мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 наурыздағы N 332 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының аппараты" деген сөздер "Ақмола қаласының әкімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 11 ақпандағы
№ 98 Қаулысына

қосымша

Тарату комиссиясының

ҚҰРАМЫ

Б.Ф.Досмағамбетов - Комиссия аппаратының жетекшісі,
тарату комиссиясының төрағасы

Комиссия мүшелері:

Т.Ж.Асанов - Комиссия аппаратының бөлім
меңгерушісі

К.С.Аманғалиева - Комиссия аппаратының бас бухгалтері

С.Е.Ержанов - Комиссия аппаратының бөлім
меңгерушісі

А.Д.Мулькина - Қазақстан Республикасының Президенті
Іс Басқармасының аға
референт-бухгалтері (келісім

бойынша)

Л.Т.Оспанғалиева - Комиссия аппаратының референті,
Комиссияның хатшысы

Н.М.Ыбырайым - Қазақстан Республикасының
Президенті Іс Басқармасының аға
референті (келісім бойынша)